Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы – № 3 (124)/2018, 91-98 б.
Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University – № 3 (124)/2018, 91- 98 pp.
http://bulpedps.enu.kz/; E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

МРНТИ 14.01.75

М.Ө. Насимов[1], Ш.М. Майгельдиева[2]
[1]«Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан
[2]Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан
(E-mail: [1]nasimov_m@mail.ru, [2]sharban56@mail.ru)

Білімнің салтанат құруы: білімнің мәні, қажеттілігі және негізгі түсініктері

Аннотация. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екендігі түсіндіріледі. Сондықтан Мемлекет басшысы айқындағандай, жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт.

Мақала білімнің салтанат құруының мәні мен негізгі түсініктері ізденістеріне арналған. Білімнің мақсаты мәселесі бойынша шетелдік ғалымдар мен ойшылдардың көзқарастары, кейбір тұжырымдамалық идеялары қарастырылады және талданады. Білімнің қоғамның дамуы мен мемлекеттің экономикалық өсімін қамтамасыз етудегі рөлі айқындалды. Мәдениет пен инновация білімнің қайнаркөзі ретінде анықталды. Ғылыми жұмыста қазіргі әлемдегі білімге қойылған жаңа талаптар қарастырылған. Білім қоғамы бойынша кейбір мәселелерге талдау жүргізілген.

Түйін сөздер. Бағдарламалық мақала, білім, мәдениет, инновация, білім қоғамы, ақпараттық қоғам.

DOI: https://doi.org/10.32523/2616-6895-2018-124-3-91-98

Кіріспе. Өткен ғасырдың аяғындағы өндіріс, ғылым мен техникадағы өзгерістер қоғамның жаңа түріне көшуге ықпал етті. Нәтижесінде ғылым мен білім қоғамның дамуына ықпал жасайтын күшке айналды. Сондықтан бүгінде қоғамның дамуында білімнің алатын орны ерекше. Өйткені, елдің халықаралық сахнадағы бәсекелік қабілеті осы ұлттың білімділігі мен кәсібилігінің деңгейімен тығыз байланысты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өткен жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» [1] атты бағдарламалық мақаласында тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың төртінші бағыты ретінде білімнің салтанат құруын айтады: **«...** білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Оның айқын да, бұлтартпас себептері бар. Технологиялық революцияның беталысына қарасақ, таяу онжылдық уақытта қазіргі кәсіптердің жартысы жойылып кетеді. Экономиканың кәсіптік сипаты бұрын-соңды ешбір дәуірде мұншама жедел өзгермеген».

Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу біздің қанымызда бар қасиет екендігін айта келе, білімге ерекше назар аударады: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді».

Әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор З.К. Шәукенованың пікірінше: «Білімнің салтанат құруы – қоғамдық дамудың маңызды белгілерінің бірі. Білім, ғылым ұлттың өрлеуінің басты факторы болып табылады» [2].

Жалпы білім құндылығы қазақ мақал-мәтелдерінде де насихатталады: «Ақыл - тозбайтын тон, Білім – таусылмайтын кен», «Білім арзан, білу қымбат», «Екпей егін шықпас, Үйренбей білім жұқпас», «Алтын алма, білім ал», «Тіліңмен жүгірме, біліммен жүгір», «Білім басы - бейнет, соңы - зейнет», «Оқусыз білім жоқ, Білімсіз күнің жоқ», «Оқу инемен құдық қазғандай», «Оқу –білім азығы, Білім - ырыс қазығы», «Оқу - білім бұлағы, Білім - өмір шырағы», «Білімдіге дүние жарық, Білімсіздің күні қараң», «Туа білмейді, жүре біледі», «Қарғыстың ең жаманы: Өзің білме, білгеннің тілін алма».

Мәселенің мәнін айқындау үшін соңғы жылдардағы білім түсінігінің ғылыми тұжырымдамаларын ашу керек деп ойлаймыз. Ол үшін әлемдік ғылымда өзіндік орны бар ғалымдардың көзқарастарына ерекше мән беруді жөн санадық.

Мәселенің тұжырымы. Білімнің салтанат құруы тікелей біліммен байланысты. Білім құндылықтары мәселелерін талдау ерте кезеңнен бастап қалыптасқан. Ал білімнің салтанат құруы мәселесі еліміздің негізгі бағдарламалық құжаттарында көтерілуі зерттеудің өзектілігін арттырады. Осы себептерге байланысты, зерттеу жұмысында Елбасының бағдарламалық мақаласы негізге алынып, білімнің салтанат құруы мәселелері барысында айқындалатын білімнің мәні, қажеттілігі мен негізгі түсініктеріне талдау жасалып отыр.

Зерттеудің мақсаты. Зерттеу жұмысында Елбасының бағдарламалық мақала шеңберіндегі білімнің салтанат құруы тұрғысындағы білімнің мәні, қажеттілігі мен негізгі түсініктерін анықтау болып табылады.

Зерттеудің тарихы. Жалпы әлемнің өркениет тарихында өз дәуірінің бейнесін көрсететін мәдени-тарихи құндылықтардың ауысуы нақты көрініс табады. Ежелгі Шығыс, ежелгі Антик елдерінде білім, ілім мен ғылымға ерекше мән беріліп, ортағасырларда рухани құндылықтарды арттыратын білімге қызығушылықтың төмендегені белгілі. Ағартушылық дәуір адамдар санасындағы өзгерістерді жасап, орта ғасырлық Еуропаның бір шеңберден аспайтын көзқарастарын біржола қарқынды дамушы өркениет түсініктерін әкелді. Ағартушылық дәуірдің басты құндылық қоғамдық ілгерілік болды. Біздің ата-бабаларымыз ықылым заманнан бері білімге ерекше мән берді. Қазақтың түркі тілдес ойшылдары, қазақ ағартушыларының ғылыми ізденістері сөзіміздің дәлелі. Елбасының өткен жылғы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы да осыған бағытталған. Сондықтан төртінші бағытта айқындалған білімнің салтанат құруы мәселесі қазіргі қоғамдағы білімнің орны мен рөлін зерттеуге негіз береді.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының эмпирикалық деректерін мәселеге арналған теориялық-тәжірибелік еңбектер құрайды. Зерттеу жұмысы барысындағы нәтижелерді алу үшін Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы, энциклопедиялар мен сөздіктердегі анықтамалар, алыс және жақын шетелдік ғалымдар зерттеулерлері мен аудармаларының теориялық әдебиеттерін пайдалану негізінде салыстырмалы талдау арқылы мүмкін болды. Зерттеу жүргізуге саяси институттар мен ғылымды саясаттанулық, философиялық тұрғыдан талдайтын әр түрлі тұжырымдамалар және жүйелік-құрылымдық, тарихи-философиялық, институционалды талдау әдістері әсер етті.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Бүгінгі күнде қоғамдық санада өмірде табысқа жету тек өзінің әлеуметтік мәртебесі артықшылықтарын пайдаланудан бөлек, жеке ақыл-ойына сүйену арқылы өз білімін толықтыра отырып дарынын жетілдіріп жетістікке жете алатындығын түсіндіру маңызды болып табылады. Аграрлық қоғамда экономикалық қызмет азық-түлік өндірісімен байланысты болса, индустриалдық қоғамда өндіріс тауарларын шығару, постиндустриалдық, ақпараттық қоғамда ақпаратты өндіру және оны тиімді пайдалану экономикалық қызметтің негізіне айналады. Сәйкесінше, аграрлық қоғамда жер, индустриалдық қоғамда капитал, ал ақпараттық қоғамда білім өндірістің негізгі факторы саналады.

Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбар адамзат баласын жамандықтан тыйып, жақсылыққа жетелейтін хадистерінде (126): «Ғалымды Қытайда болса да іздеп барып үйреніңіз. Ғылым іздеу – әр адамның парызы. Жолдың қашықтығына, халықтың жаттығына қарамаңыз. Ғылымды қайдан көрсеңіз де сол жерге барып үйреніңіз» [3, 61 б.], - деп атап көрсетеді. Қарап отырсақ, білім миграциясы бұрыннан бар. Мәселен, әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби Отырар қаласында дүниеге келіп, туған жері Отырар медресесінде, кейін Шаш, Самарқан, Бұхара, Харран, Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдат шаһарларында білімін жалғастырған. Бүгінде әл-Фараби ізбасарлары «Болашақ» мемлекеттік стипендиясы арқылы білімін шетелдік іргелі білім ордаларында жалғастыруда.

Елбасы мақаласында айтылғандай: «Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университет-терінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды» [1] .

«Болашақ» халықаралық стипендиясы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1993 жылғы 5 қарашадағы қаулысымен құрылған болатын. Посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттер тарихында алғаш рет талантты жастарға шетелде білім алу мүмкіндігі берілді. «Болашақ» стипендиясы түлектердің табысты мансаптық өсуі мен кәсіптік өзін-өзі жүзеге асыруының өзіндік

кепіліне айналды. Жылдар өте, бағдарлама қарқын алып, мемлекеттік тапсырмаларды іске асыруға бейімделді. «Болашақ» халықаралық стипендиясы іске асырылған жылдары әлемнің 35 еліндегі 170 үздік жоғары оқу орнында оқу үшін 12 000 астам қазақстандыққа стипендия тағайындалған. «Болашақ» стипендиясын іске асыру тетігін жетілдірудің мақсатты саясатының нәтижесі 2014 жылы Майамидегі Going Global VIII халықаралық конференциясында осы тектес 11 стипендиялық бағдарлама арасында үздік деп танылды [4].

Қазақстанның XXI ғасырдың басындағы қарқынды әлеуметтік-экономикалық дамуы техникалық, басқарушылық және көшбасшылық құзыреті жоғары деңгейдегі мамандарға аса қажеттілікті тудырды. Сондықтан 2008 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша Зияткерлік мектептер құру жөніндегі жоба іске қосылды.

Зияткерлік мектептер бастауыш мектеп (оның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту), негізгі мектеп және жоғары мектеп деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларының қазіргі заманғы модельдерін әзірлеуді, оларға мониторинг жүргізуді, зерттеуді, талдауды, байқаудан өткізуді, енгізуді және іске асыруды жүзеге асыратын эксперименттік алаң болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі бар білім беру талаптары мен стандарттары білім беру саласындағы қазіргі заманғы басқару нысандарын лайықты деңгейде енгізуге, инновациялық білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобаларды іске асыруға мүмкіндік бермеді.

Осыған байланысты инновациялық білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобаларды іске асыру үшін қажетті білім беру саласындағы қазіргі заманғы басқару нысандарын енгізу, академиялық еркіндік пен дербестікті дамыту үшін 2011 жылғы 19 қаңтарда «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Бұл мәртебе білім беретін оқу бағдарламаларын дербес бекітуге, қабылдау емтихандарына қойылатын талаптарды белгілеуге, үлгерімділікті ағымдағы бақылауға, аралық және қорытынды аттестациялау мен басқаларына құқықты білдіреді. Академиялық еркіндік қағидаты жаңа бағдарламаларды әзірлеу мен байқаудан өткізуді жеделдетуге, орта білім беру жүйесін жаңғыртуға мүмкіндік береді [5].

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ресми сайтының мәліметіне сәйкес бүгінгі таңда еліміздің барлық облыс орталықтары мен Астана, Алматы қалаларында 20 Зияткерлік мектеп қызмет атқарады. Осы мектептерде 13 149 оқушы білім алуда, оның ішінде 507-сі 1-6 сынып оқушылары және 12 642 7-12 сынып оқушылары. Республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың балалары 78,3 %, шағын қалалар мен аудан орталықтарының, ауылдық жерлердің балалары 21,7 %, олардың ішінде: көпбалалы отбасының балалары (4 және одан да көп) 11,1 %, аз қамтылған отбасының балалары 0,7 %, мүгедек балалар 0,3 % және қорғаушылық және қамқоршылық тәрбиеге берілген жетім балалар 0,3 пайызды құрайды. Зияткерлік мектептерде барлығы 2686 педагогикалық кадр жұмыс атқарады, оның ішінде қазақстандық мұғалімдер 2 442 (магистр – 600; ғылым кандидаты – 21; PhD -1), шет елдік мұғалімдер 244 (магистр – 153; PhD – 13; халықаралық сертификаттардың иегерлері – 48).

Қазақстанның халықаралық деңгейдегі тұңғыш зерттеу университеті болу, зерттеу әлеуетінің жедел қарқынмен өсуіне, елдің индустриялық-инновациялық дамуына, өзгеріп отыратын және жаһандық ықпалдастырылған экономика талаптарына сай келетін білім беруге көшуді қамтамасыз етуді міндет етіп қойған «Назарбаев Университетінің» орны ерекше. Оқу орнының ресми сайтында берілген даму тарихына қысқаша тоқталғанды жөн санап отырмыз [6]: «Қазақстан Республикасының Президенті бастамасымен 2010 жылы негізі қаланған Назарбаев Университеті әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналуды көздейтін мемлекеттің флагмандық оқу орны болып табылады. Бұл – қызметі дербестік және академиялық еркіндік қағидаттарына негізделген Қазақстандағы ең алғашқы университет; 2007 жыл - Университет құрылысы басталды; 2009 жыл - Университетті құру бойынша жаңа жобалық топтың тағайындалуы. «Астананың жаңа университеті» АҚ құрылуы; 2010 жыл, қазан - Ғылыми орталықтардың ашылуы – Энергетикалық зерттеулер жөніндегі орталық және Өмір туралы ғылымдар орталығы; 2010 жыл, желтоқсан - Елбасы Назарбаев Университетінің студенттеріне арналған бірінші дәрісін оқыды; 2015 жыл, маусым - Елбасының қатысуымен Назарбаев Университетінде студенттердің алғашқы оқу бітіру салтанаты өтті; 2017 жыл, қаңтар - Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен Назарбаев Университеті Медицина мектебінің

жаңа ғимаратының ашылу салтанаты өтті; 2017 жыл, мамыр - ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың қатысумен түлектердің үшінші оқу бітіру рәсімі өтті».

«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында төмендегідей анықтама берілген: «... Білім адамзат мәдениетінің ең ауқымды ұғымдарының бірі болып табылады. Ол сана, таным, объективті әлем, субъект, ойлау, логика, ақиқат, парасат, ғылым және т.б. күрделі де терек ұғымдармен тығыз байланысты әрі солар арқылы анықталады» [7, 495-496 бб.].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде мынадай түсініктеме ұсынылады: «1. Оқу, үйренумен санаға қонатын ақиқат жайлы түсінік. 2. Ақыл-парасат, ой-өріс» [8, 165 б.].

Қазақ әдеби тілінің сөздігі он бес томдығының 4 томында мынадай анықтамалар беріледі: «1. Адамның белгілі бір жүйедегі ұғымдарының деректері мен пайымдарының т.б. жиынтығы. 2. Оқу, үйрену арқылы алынатын (келетін) дүниенің қандай да бір қыр-сыры туралы түсінік (таным). 3. Кәсіби біліктілік, мамандыққа қатысты ұғым, деректер жүйесі. 4. Қандай да істі жүзеге асыру жолдары мен әдіс-тәсілдерінің жиыны. 5. Белгілі бір сала (мәселе) туралы арнайы мәліметтер жиыны (жүйесі)» [9, 130 б.]. Білім беруге қатысты ұсынылған анықтамалар: «Педагогикалық: Тиісті оқу орны арқылы ғылыми мағлұмат беріп, адамның танымын, білімін, дағдысын, дүниеге көзқарасын жетілдіру процесі; Қоғамдық-әлеуметтік: Қоғам мүшелерінің адамгершілік, зияттық, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту процесі» [9, 131 б.].

Австриялық әрі американдық экономист Ф. Махлуп (1902-1983) білімді заманауи индустрияның ең үлкен саласы ретінде атап көрсетіп, оның бес құрамдас бөлігін ұсынады: 1) үй, дін орындары, әскер; 2) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрылымдық жұмыстар жүйесі; 3) ақпарат пен байланыс құралдары: баспаханалар, баспалар, театр, кино, радио, теледидар, пошта және т.б.; 4) ақпараттық құрылғылар: баспалау машинасы, компьютерлер, бақылау жүйелері, музыкалық аспаптар мен дыбыс беру жүйелері; 5) кеңес беру қызметі, есептілік, мәліметтерді өңдеу және беру [10, 81 б.]. Байқап отырғанымыздай, берілген құрамдас бөліктер білім үшін маңызды. Бүгінде бұлардың қатарына ғаламторды қосуымызға толықтай негіз бар.

Австриялық экономист әрі фәлсафашы Ф. Хайек (1899-1992) [11, 199 б.] өз еңбектерінде білімге ерекше назар аударып, экономика мен қоғамды бытыраңқы, шашыраңқы білім жүйесі ретінде қарастырады. Ғалымның пікірінше, бәсекелестік индивидтердің күресі барысында білімді ғылым ретінде қарастыруды талап етсе, өз сана-сезіміндегі шашыраңқылық экономикалық айналымда қолданылады.

Австриялық әрі американдық саясаттанушы, әлеуметтанушы, экономикалық ойлар тарихшысы Й. Шумпетер (1883-1950) [12, 861 б.] білімді инновациялар көзі ретінде қарастырды. Ғалым инновация терминін қолданғанға дейін жаңа енгізілім түсінігін пайдаланды. Жаңа енгізілімді жаңа әрекеттер, дамудағы өзгерістер ретінде түсіндіріп, оның бес жағдайын ұсынды: тұтынушыға беймәлім жаңа өнім енгізу; өндірістің жаңа әдісін енгізу; өндірістің саласын бұрын ұсынылмаған жаңа нарықта ашу; шикізаттың жаңа қайнар-көзін ашу; өндірістің кез келген саласында жаңа ұйымдастырушылық құрылымды енгізу.

Американдық публицист, педагог, менеджмент саласындағы танымал ғалым, әлемдік басқару ойларының классигі, жүйелік көзқарастың өкілі, басқару тұжырымдамасының негізін қалаушылардың бірі П. Друкер [13, 406 б.] білімді күш ретінде санайды. «Білім қоғамы» тұжырымдамасына сәйкес, жұмысшылардың жаңа үлгісі, білімді игерген қызметкер пайда болады. Ғалым жұмысшыларды екі санатқа бөлді: басқарушылар және мамандар (айқындалған деңгейдегі менеджерлер, кеңес берушілер, бағдарламашылар, бағдарламалық жасақтамалар қолданушылары және т.б.). Қолданушылар мен бағдарламашылар дербес те, мекемеде де жұмыс атқара алады.

П. Друкердің пікірінше, білім қоғамында білім индивидтер мен экономика үшін негізгі құрал болып табылады. Өндіріс, еңбек, капитал секілді өндірістің дәстүрлі құралдары екінші орынға ығысады. Өндірістің барлық жұмыстары арнайы білім көмегімен жүзеге асады. Арнайы білім міндеттермен бірлескен жағдайда ғана өз өнімділігін береді.

Құнның ақпараттық теориясы тұжырымының негізін қалаған американдық әлеуметтанушы, постиндустриалды қоғам теориясының негізін қалаушы Д. Беллдің (1919-2011) ойынша: «Білім өзінің жүйелілік түрінде ресурстарды тәжірибелік қайта өңдеуге тартылса (өнертабыстар немесе ұйымдастырушылық жетілдірулер түрінде), нақты білім еңбекке қарағанда құнның көзі болып табылады» [14, 168 б.].

Дамыған мемлекеттерде білім экономикалық өсімнің шешуші көзі ретінде қарастырылады. Білімді жетілдіру адами капиталды байыту, дене еңбегі жұмысшыларынан бастап ғалымдардың жұмыс күші өнімділігін арттыру, өзгермелі ақпараттық орта шарттарында ақпараттық қоғамның қалыптасуына қажет. Ақпараттық технологиялар ақпараттық кеңістіктің жаңа сапалы түрін құру мен дамытудың негізі болып табылады. Қалыптасқан постиндустриалды қоғамда білім ашық ақпараттық жүйелер сипатын иеленіп, инновативаны бірыңғай әлеуметтік жүйелерде өзге әлеуметтік институттармен қарқынды ақпараттық алмасулар жолымен қабылдап, жаңғырта алады.

Ақпаратты тұтынумен байланысты білімнің ерекше сипаты Ғаламдағы энтропияны ұлғайтуға әкелетін материалдар немесе қуатты тұтыну ақпаратты пайдалануға қарағанда қарама-қайшы салдарға әкеледі: ол адам білімін жоғарылатады, қоршаған ортадағы ұйымдастырушылықты арттырады және энтропияны кемітеді. Оқыту біліктілік, білім ізденісті жеңілдететін және жаңа білімді игертетін метабіліктілік береді. Метабіліктілік адамға өзінің жеке тәжірибесінен тыс қажетті ақпаратты табуға және оны игеруге мүмкіндік береді [15].

Білімнің жаңа жүйесін құру ең алдымен қоғамның мәдени құндылықтарын өзгертумен байланысты. Танымал норвегиялық әлеуметтанушы Ю. Галтунг (1930 жылы дүниеге келген) Германиядағы (қыркүйек, 2006 ж.) халықаралық конференцияда мынадай пікір ұсынған екен: «Қандай ел өледі? – Өмір мәні жоғалған мемлекет. Бүгін АҚШ осындай ел болып табылады. Германия да осындай дәрежеге жақындап қалды». Бұл елдер тұрғындарында жұмыс бар, бірақ оның мәні жоқ. Олар «Қалай өмір сүреміз?» деген сұрақ қоймайды, олар «Неге өмір сүреміз?» деген сұрақ қояды» [16]. Осы Халықаралық конгресте экономиканың шынайы секторына қызығушылық азайып, қызмет көрсету саласы даму үстінде екендігі айтылды. Конгресте білім, ғылым, еңбек – XXI ғасырдағы басымдықтар ретінде айқындалды. Сондықтан қазіргі жағдайда заман талабына сай тек прагматикалық тұрғыдан ойлайтын, реалист мамандар даярлап қана қоймай, олардың рухани құндылықтар қалыптастырған азамат ретінде тәрбиелеуге назар аудару өзектілігі туындап отыр.

Қазіргі таңда білімді басқару мәселесінің қажеттілігі байқалуда. Ресейлік ғалым, экономика ғылымдарының докторы Б.З. Мильнердің (1929-2013) пікірінше: «Білімді басқару ұйымдардың барлық түрлері қызметін арттырудың маңызды құралына айналды. Заманауи ақпараттық және байланыс технологиялары идеялар және ақпараттармен тұрақты және сенімді алмасуға мүмкіндік береді. Шешімдер тым жылдам және дәйекті қабылданады, өзін-өзі ұйымдастырған топтар негізінде ықпалдастық нығаяды. Тұтынушылар туралы білу олармен қатынастар нәтижелігін арттырып, ал тұтынушылармен бірлесіп алынған білім жаңа бастамалар, өнімдер мен жоғары сапалы қызмет түрлерін көрсетуге жол ашады. Үйренуші ұйымдар тұрақты өзгерістерді басқарудың әрекетті түріне айналады. Мекеме қызметі шеңберінде аталған шарттар ғылыми зерттеулер мен техникалық әзірлемелер, маркетинг пен ұзақмерзімді стратегиялар қалыптастырудың дамуына жаңа түрткілер береді [17].

Бүгінде білімділік дәрежесі ұғымы заманауи кезеңдегі білімнің мақсатын айқындауға септігін тигізеді. Әрбір дәуірде адам мен білімнің ара қатынасын анықтайтын білімнің өз міндеті болады. Мәселен, Антика дәуірінде басты міндет космоспен реттелген адам жалпылығының үйлесімділігін қалыптастыру болып табылды. Ортағасырларда білім «жер мектебі» (индивидті тәжірибелік өмірге дайындау, тиесілі икемділік пен қабілетке баулу) және «көктегі мектеп» (дәуірдегі өркениет көзқарастарындағы дүниетанымдық құндылықтарға баулу) түрінде жүзеге асты. Ағартушылық дәуірде адамның білім санаты деректік және эмпирикалық бағытты әмбебаптандыру арқылы білімге өтеді. Кез келген қоғамдық құндылықтар ағартушылық арқылы жүзеге асырылады; мәдениетті адам біліммен ізгіленген адам; дүние құрылымы білім мазмұнын білім сатысы ретінде құралады. XX ғасыр ахуалды түбегейлі өзгертті. «Енгізу», «алдыңғы» бейнелері мәдени кеңістіктегі тұйық, мөлшерлес үлгісі жойылып <...> адам дүниедегі белгісіздік, ретсіздік және өшпенділікпен бетпе-бет кездеседі <...> «білім» көмектеспейді». Сәйкесінше, өз дәуірінің идеалды білімді адамы сипаты әртүрлі болды. Антикалық грек-рим әлемі ойшыл, ортағасырдағы христиан әлемі әулие және рыцарьды білімділер қатарында көрді. Жаңа дәуірде ғалым, әртіс, саяси қайраткер, кәсіпкер, жұмысшы сынды адамның бірқатар кәсіби бейнелері пайда болды [18].

Қазіргі таңда «білімді адам» ұғымы мәдениетті, ақылды, бәрін білетін, беделді түсініктерімен байланыстырылады. Біздің ойымызша, білімді мен эрудитті өзара байланыстырудан алшақтау қажет. Білім – бұл жады көлемі және заманауи білімді адам біліммен жүктелген энциклопедия

емес. Қазіргі шарттардағы тестілік жүйе, әсіресе гуманитарлық пәндерде қолдану білімге үйретеді деп айту қиынға соғады. Бұл жүйе дәлелдер арқылы ойлануға мүмкіндік бермейді. Сондықтан формалдандыру процесі, білімді игеруге үстірт қарауды туғызуы мүмкін деп ойлаймыз.

Қорытынды. Еліміздегі білім саласын жаңғырту отандық білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған және жаһандық жаңа шарттарға бейімделуді көздейді. Мамандарды даярлаудың ескі жүйесі қазіргі шарттарға сәйкес келмейді және тиімділігі өте төмен. Сондықтан қоғам мен экономикалық өзгерістер шеңберінде жаңа талаптарға сәйкес өзгерістер жүргізу қажеттілігі байқалады. Бұл үшін қажетті мамандар даярлауда нарық мұқтаждықтарымен санасу қажет деп ойлаймыз. Білім беру мазмұны, білім беру стандарттары, білім беру бағдарламалары, оқулықтар мен оқу құралдары, оқу жұмыс бағдарламалары және т.б. қайта қарастырып, білім беру мекемелерінің заман талабына сай ақпараттық ортасын құруға көңіл бөлген дұрыс. Тек осы жағдайда ғана қоғам мен экономика сұраныстарын жүзеге асыра аламыз.

Қорыта айтқанда, жаһандық әлеуметтік, саяси, экономикалық, техникалық және ақпараттық мәселелерді шешу барысында білім жүйесі маңызды рөл атқарады. Өйткені, білім адам санасезімі мен ақыл-парасаты қызметін үздіксіз ұйымдастыратын үрдіс. Білімді қоғамдық және кәсіби сананы қалыптастыратын, мәдениет пен өркениетті дамытатын үдеріс ретінде де қарастырамыз. Сондықтан білімнің басты міндеті ретінде барлық бағыттар бойынша қоғамдық дамуды жетілдіру, дамудың қоғамдық, ғылыми, әлеуметтік, экономикалық салаларында адам мен қоғам қызметін үйлестіру саналады. Білімнің салтанат құруы білімнің қажеттілігін негіздейтіндіктен, оның қайнар-көзін түсіну «Рухани жаңғыру» бағдарламасын сәтті орындауға кепіл болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. - 2017. – 12 сәуір.
2 Шаукенова З.К. Модернизация 3.0 – изменения в общественном сознании // Актуальные проблемы модернизации Казахстана: Матер. Междунар. конф., Алматы, Казахстан, 2017. – Алматы, 2017. – С. 16.
3 Пайғамбар сөзі. – Қызылорда: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығының Қызылордадағы филиалы, 1992. - 81 б.
4 Бағдарлама тарихы // [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.bolashak.gov.kz/kz/o-stipendii/istoriya-razvitiya.html (Қарастыру мерзімі: 18.01.2018).
5 Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы // [Электрондық ресурс]. – 2017. - URL: http://nis.edu.kz/kz/about/history/ (Қарастыру мерзімі: 18.01.2018).
6 Тарих [Электрондық ресурс]. – 2018. - URL: https://nu.edu.kz/kk/biz-turaly/tarih (Қарастыру мерзімі: 07.03.2018).
7 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – А.: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 1999. – Т. 2. - 720 б.
8 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – А.: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
9 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық / Құраст. Н. Әшімбаева, С. Ақаев, Қ. Рысбергенова және т.б. – Т. 4. – А.: Арыс, 2007. – 752 б.
10 Махлуп Ф. Производство и распространение знаний в США / Пер. с англ. И.И. Дюмулена и др. – М.: Прогресс, 1966. – 462 с.
11 Хайек Ф. Конкуренция, труд и правовой порядок свободных людей: фрагменты сочинений. – СПб.: Пневма, 2009. - 199 с.
12 Шумпетер Й. Теория экономического развития; Капитализм, социализм и демократия. / Пер. с нем. и англ. В.С. Автономов и др. – М.: Эксмо, 2007. – 861 с.
13 Друкер П. Практика менеджмента / Пер. с англ. И. Веригина. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2015. - 406 с.
14 Белл Д. Грядущее постиндустриальное общество: опыт социального прогнозирования / Пер. с англ. под ред. В.Л. Иноземцева. - М.: Academia, 1999. - 785 с.
15 Жуликова О.В. Роль знаний и образования в информационном обществе // Вестник Тамбовского университета. Серия гуманитарные науки. – 2010. - № 10 (90). – С. 176-177.
16 Маслов В.И. Роль образования в современном мире // Век глобализации. – 2013. - № 2 (12). – С. 89-90.
17 Мильнер Б. Управление знаниями – вызов XXI века // Вопросы экономики. - 1999. - № 9. – С. 109.
18 Даутова О.Б. Идеал и цели образования: образованность как культура ответственности // Известия Российского государственного педагогического университета имени А.И. Герцена. – 2009. - № 83. – С. 40-41.

М.О. Насимов[1], Ш.М. Майгельдиева[2]
[1]Университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан
[2]Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

Культ знания: сущность, необходимость знания и основные понятия

Аннотация. В программной статье Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» четко отражено, что образование - фундаментальный фактор успеха в будущем. Следовательно, как определил Президент страны, в системе приоритетов молодежи образование должно стоять первым номером.

Статья посвящена проблеме определения сущности и основных понятий культа знания. Рассматриваются взгляды, некоторые концептуальные идеи зарубежных ученых и мыслителей по проблеме целей образования. Обосновывается роль образования в современном мире. Определена роль образования в развитии общества и обеспечения экономического роста государства. Культура и инновации определяются как источники знания. Рассмотрены новые требования к образованию в современном мире. Проведен анализ некоторых проблем общества знания.

Ключевые слова. Программная статья, образование, культура, инновация, общество знаний, информационное общество.

M.O. Nassimov[1], Sh.M. Maigeldiyeva[2]
[1]University Bolashak, Kyzylorda, Kazakhstan
[2]Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan

The cult of knowledge: essence, necessity of knowledge and basic concepts

Abstract. In program article «Course towards the future: modernization of Kazakhstan's identity» President of the Republic of Kazakhstan N.A. Nazarbayev are accurately reflected that education will be fundamental to success in the future. Therefore as the President of the country has defined education should be the number one priority for our youngsters.

Article is devoted to a problem of search an essence and the basic concepts of a cult of knowledge. Views, some conceptual ideas foreign scientists and thinkers on a problem purpose than education are considered and analyzed. The role of education in the modern world was justified. The education role in development of society and support of economic growth of the state was defined. The culture and innovations are defined as knowledge sources. New requirements to education in the modern world were considered. some problems of knowledge society were analyzed.

Key words. Program article, education, culture, innovation, knowledge society, information society.

References

1 Nazarbaev N.A. Bolashakka bagdar: ruhani zhangyru [Course towards the future: modernization of Kazakhstan's identity], Egemen Kazahstan [Independent Kazakhstan], **70**(29051), 1-2 (2017). [in Kazakh]
2 Shaukenova Z.K. Modernizacija 3.0 – izmenenija v obshhestvennom soznanii [Modernization 3.0 – changes in public consciousness]. Aktual'nye problemy modernizacii Kazahstana: Mater. Mezhdunar. konf. [Actual problems of modernization of Kazakhstan]. Almaty, 2017, pp. 16.
3 Pajgambar sozi [Words Prophet] (Murattas, Kyzylorda, 1992).
4 Bagdarlama tarihy [Program history]. Available at: https://www.bolashak.gov.kz/kz/o-stipendii/istoriya-razvitiya.html (Accessed: 18.01.2018).
5 Nazarbaev Zijatkerlik mektepteri» derbes bilim beru ujymy [Nazarbayev Intellectual Schools]. Available at: http://nis.edu.kz/kz/about/history/ (Accessed: 18.01.2018).
6 Tarih [History]. Available at: https://nu.edu.kz/kk/biz-turaly/tarih (accessed: 07.03.2018).
7Kazahstan. Ulttyk jenciklopedija [Kazakhstan. National encyclopedia] (Main edition of the Kazakh encyclopedia, Almaty, 1999).
8 Kazah tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of Kazakh] (Dajk-Press, Almaty, 2008).
9 Kazah adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyk, T. 4 [Dictionary of the Kazakh literary language] (Arys, Almaty, 2007).
10 Machlup F. Proizvodstvo i rasprostranenie znanij v SShA [The Production and Distribution of Knowledge in the United States] (Progress, Moscow, 1966).
11 Hayek F. Konkurencija, trud i pravovoj porjadok svobodnyh ljudej: fragmenty sochinenij [Competition, work and legal order of free people: fragments of compositions] (Pnevma, Saint Peteraburg, 2009).
12 Schumpeter J. Teorija jekonomicheskogo razvitija; Kapitalizm, socializm i demokratija [The theory of economic development; Capitalism, Socialism and Democracy] (Eksmo, Moscow, 2007).

13 Drucker P. Praktika menedzhmenta [The practice of management] (Mann, Ivanov and Ferber, Moscow, 2015).
14 Bell D. Grjadushhee postindustrial'noe obshhestvo: opyt social'nogo prognozirovanija [The Coming of Post-Industrial Society: A Venture in Social Forecasting] (Academia, Moscow, 1999).
15 Zhulikova O.V. Rol' znanij i obrazovanija v informacionnom obshhestve [Role of knowledge and education in information society], Vestnik Tambovskogo universiteta [Tambov University Reports], **10**(90), 176-177 (2010). [in Russian]
16 Maslov V.I. Rol' obrazovanija v sovremennom mire [Education role in the modern world], Vek globalizacii [Age of Globalization], **2**(12), 89-90 (2013). [in Russian]
17 Mil'ner B. Upravlenie znanijami – vyzov XXI veka [Management of knowledge – a call of XXI century], Voprosy jekonomiki [Problems of Economic Transition], **9**, 109 (1999). [in Russian]
18 Dautova O.B. Ideal i celi obrazovanija: obrazovannost' kak kul'tura otvetstvennosti [Ideal and education goal: education as responsibility culture], Izvestija Rossijskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta imeni A.I. Gercena [Izvestia: Herzen University Journal of Humanities & Science], **83**, 40-41 (2009). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:
Насимов М.Ө. – саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Болашақ» Ғылыми-зерттеу институтының директоры, «Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан.
Майгельдиева Ш.М. – педагогика ғылымдарының докторы, Педагогика және психология кафедрасының профессоры, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан.
Nassimov M.O. - Candidate of Political Sciences, Associate Professor, Director Bolashak Research Institute, University Bolashak, Kyzylorda, Kazakhstan.
Maigeldiyeva Sh.M. - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of Department of Pedagogics and Psychology, Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan.